Сауда-саттық және клиринг жүйесін жаңарту Биржа қызметінің маңызды қадамы болып табылады және тек Биржа бөлімшелерінің үйлесілген жұмысын ғана емес, осы жүйені пайдаланатын және сауда-саттық, клиринг және есеп айырысу үдерістеріне қатысатын барлық ұйымдардың, соның ішінде Биржа мүшелерін, Орталық депозитарийді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін, реттеуші және сауда-саттық қатысушысы ретінде, мейлінше қатысуға тартылуын талап етеді. ASTS+ бейімдеу және енгізу бойынша жұмыс барысында Биржа жоғарыда аталған ұйымдармен тығыз жұмыс жасады. Жыл бойы ASTS+ қызметі мен мүмкіндіктері туралы кіріспе презентациялар, кездесулер және жұмыс пікірталастары өткізілді. Биржаның мақсаты барлық мүдделі тұлғаларға ASTS+ туралы толық ақпарат беру және олардың жүйені тестілеуге және оны өндірістік эксплуатацияға дайындауға белсенді қатысуын қамтамасыз ету болды.

Бағалы қағаздар нарығында ASTS+ алғашқы релизін енгізгеннен кейін, KASE екінші шығарылымын енгізуге дайындықты бастады, оның көмегімен бірінші шығарылымға кірмеген барлық қор нарығының қаржы құралдары ASTS+ сауда-саттықтарына жіберілетін болады. Екінші ASTS+ релизі 2020 жылдың бірінші жарты жылдығына жоспарланды.

2 382,15
2 375,50 2 376,95

2 377
2 376,28

2 368,58

2 367,60
2 367,60

АҚПАРАТТАРМЕН АЛМАСУДЫҢ ЖАҢА ХАТТАМАЛАРЫ

Бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің сауда-саттығын ASTS+ жүйесіне ауыстыруға байланысты, Биржа нақты уақыт тәртіптемесінде биржалық сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы деректерді беру үшін жаңа хаттамаға – FAST хаттамасына (FIX Atreded for Streaming) көшті. Осы хаттаманың синтаксисі FIX хабарлама форматына негізделген, бұл қаржылық ақпараттың электронды алмасуын оңтайландыруға көмектеседі және кідіріссіз үлкен көлемде мәліметтерді таратуды қамтамасыз етеді.

FAST хаттамасының айрықша артықшылығы болып табылатын жылдамдық оны төмен жіберілім іркілісін қажет ететін жоғары жылдамдықты сауда жүйелерінде қолдануға мүмкіндік береді.

ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ

Өтеу мерзімі бір аптадан бір жылға дейін валюталық своп операцияларының сауда-саттығы басталуына байланысты, 28 қаңтарда қолданысқа енгізілген своп операцияларының болжамды бағаларын бағалау үшін GG-spread индикативтік көрсеткіштерді анықтау әдістемесі жасалды. Әдістеме KASE ішкі құжаттарына сәйкес, солар бойынша клирингілік қызмет жүзеге асырылатын, валюта нарығының қаржы құралдарының тәуекел параметрлерін есептеу және айқындау үшін қажетті мән ретінде GG-spread индикаторлық көрсеткіштерін айқындау тәртібін белгілейді.

Әдістемеге сәйкес, GG-spread индикативтік көрсеткіштері Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі мен бірдей мерзімі бар АҚШ қазынашылық міндеттемелерінің кірістілігі арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Индекс серверін қамтитын, ASTS+ сауда-клиринг жүйесін енгізу аясында KASE индикаторлардың бір бөлігін жаңа серверде есептеуге, соның ішінде осындай есептеуге бейімделген, KASE индексін есептеу әдіснамасына ауыстыру үшін қажетті шараларды жүзеге асырды. Индекс-серверіне бейімделгеннен кейін осы көрсеткіштің математикалық мәні өзгермегендіктен, KASE индекстің сандық серияларын есептеуді жаңа серверге өткізген күннен кейін жалғастырды.

2 184,01

2 179,13



2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. ОРТАЛЫҚ КОНТРАГЕНТ ҚЫЗМЕТТЕРІН ІСКЕ ҚОСУ

КЛИРИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ОК

Биржалық нарықта орталық контрагенттің функцияларын енгізу, 2012 жылы берілген тиісті лицензияның негізінде Биржа жүзеге асыратын, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметпен тығыз байланысты.

Биржа клирингке қатысушылармен жасалған мәмілелерді көптарапты есеп айырысу арқылы жүзеге асырады, қаржы құралдары бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді анықтайды, олар бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырады және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу үшін Орталық депозитарийге ақпарат береді, сондай-ақ, Орталық депозитарийге ақша мен бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін жасалған әрбір мәміле бойынша орындалуы тиіс гросс-негізде талаптар мен міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынады. Биржа нетто-негізде валюта, акциялар және туынды құралдар нарықтарында және қор нарығының жекелеген құралдары бойынша гросс-негізде клиринг жүргізеді.


KASE клирингтік қатысушылары қандай да бір биржалық нарықта клирингтік қатысушы мәртебесін алу үшін белгіленген талаптарға сай келетін, Биржаның қазіргі мүшелері болып табылады. Жалпы алғанда, 2020 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның 29 мүшесі валюта нарығында клирингтік қатысушы мәртебесіне ие болды, Биржаның 42 мүшесі – қор нарығының, ал 16 Биржа мүшесі – деривативтер нарығының клирингтік қатысушысы атанды.

Есептік жылдың басында KASE валюталық своп операциялары мен туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, валюталық нарықта орталық контрагенттің функцияларын атқара бастады.

Биржа барлық операциялар бойынша ОК функцияларын жүзеге асыра бастаған бірінші нарық – бұл деривативтер нарығы болды. Валюта нарығында Биржа 2018 жылдың қазан айында осы нарықтағы барлық операциялар, соның ішінде своп операциялары бойынша ОК функционалын енгізді.

Валюта нарығында мәмілелер жасауға кепілдік беретін орталық контрагенттің болуы 2019 жылы ұзақ мерзімге (бір аптадан бір жылға дейін) сатылатын құралдардың ауқымын кеңейтуге және своп операциялары бойынша ашық сауда-саттықты жүргізуге мүмкіндік берді. Осы жобаны жүзеге асыру үшін Биржа валюта нарығындағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізді, шетел валюталарындағы пайыздық тәуекелдерді есептеу механизмдері, АҚШ долларына болжамды бағаны анықтау әдістері әзірленді және клиринг қатысушыларына маржа кепілінің жеткіліктілігін бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінде тиісті жетілдірулер жүргізілді.

Биржа талап еткен шектелім аясында, USDKZT валюталық жұбы бойынша Биржамен, сондай-ақ орталық контрагентпен форвардтық операцияларды жүргізуге өтімділік провайдері болуға дайын екендігі туралы келісімге қол жеткізілді. Нәтижесінде валюта нарығындағы тәуекелдерді басқару жүйесі бір жылға дейінгі своп операциялары бойынша клирингтік қатысушылардың алдындағы міндеттемелердің орындалуына кепілдік берді.





Сонымен қатар, Биржа биржалық нарықта айналатын шетел валюталарының өтімділік қызметін ұсыну туралы келісімдерге қол қойды: қытай юані бойынша – Алматыдағы Қытайдың сауда-өнеркәсіптік банкімен (ICBC); ресей рублі мен еуро бойынша – Еуразиялық даму банкімен (EABR); еуро бойынша - "Kaspi Bank" АҚ-мен. Келісімдер аясында ICBC, EABR және Kaspi Bank биржаға валюта нарығындағы дефолт жағдайларын шешу үшін көрсетілген валюталардағы өтімділікті беруге дайын. Биржада саудаланатын барлық шетел валюталарында өтімділік провайдерлерінің болуы KASE валюталық нарыққа қатысушылары үшін орталық контрагент ретіндегі сенімділігін едәуір арттырады және биржалық операциялар бойынша есеп айырысулардың уақтылығы мен толықтығының қосымша кепілі болып табылады, бұл валюта нарығының дамуы, оның өтімділігі мен өкілеттілігін және валюталардың биржалық бағамдарының репрезентативтігін арттыруда ерекше маңызды.

ҚОР НАРЫҒЫНДАҒЫ ОК

2019 жылы KASE Мәскеу биржасының ASTS+ қор нарығында жаңа сауда-клирингтік жүйені енгізуге, сондай-ақ қор нарығында орталық контрагенттің қызметтерін іске қосуға дайындық жұмыстарын жүргізді.

Жоба бойынша жұмыс барысында Биржа ережелеріне өзгертулер енгізу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Биржаның 17 ішкі құжаттарына өзгерістер енгізілді, үш құжат жаңа редакцияда қабылданды, тоғыз жаңа құжат жасалып, қолданысқа енгізілді.

2019 жылдың 03 желтоқсанында ASTS+ жүйесін енгізу аясында ОК қызметтері іске қосылғаннан кейін, ОК-пен акциялар бойынша сатып алу-сату және репо операциялары, теңгемен есеп айырысатын инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары, сондай-ақ АҚШ долларымен номинацияланған және АҚШ долларымен есептесетін еурооблигациялар мен жаһандық депозиттік қолхаттар бойынша сауда-саттық тәртіптемелері ашылды. ОК функционалы ОК-пен саудаланатын, теңгемен де, АҚШ долларымен де сатылатын бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша бірыңғай клирингті қолдануға негізделген. ASTS+ нақты уақыт

тәртіптемесінде клирингтік қатысушыларға қатысты ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерінің орындалуын жоғары деңгейде қамтамасыз ететін, өтімдер беру деңгейінде клирингтік қатысушылардың алдында кепілдің жеткіліктілігін есептейді, көрсетеді және бақылайды.

Есеп айырысу сессияларында бірыңғай клирингті өткізу сауда-саттыққа дейінгі және сауда-саттықтан кейінгі операцияларды қамтамасыз ететін бірыңғай бағдарламалық кешеннің бөлігі болып табылатын ASTS+ -ке байланысты есеп айырысудың Settle CCP бағдарламалық модулін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша тәуекелдерді басқару және транзакцияларды бақылау International Risk Monitoring бағдарламалық модулі арқылы жүзеге асырылады, ол клирингтік қатысушыларға кепілдік қамтамасыз етудің жеткіліктілігін, сондай-ақ клирингке қатысушылар ASTS+ өтімдер беру кезіндегі баға шектелімін бақылау үшін қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін есептеу мен жүктеуді қамтамасыз етеді.

Биржа ОК-сыз АСТ сауда-саттық жүйесінде саудаланатын бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша гросс-негізде клиринг жүргізеді.

Нарықтық және өтімділік тәуекелдерін басқару мақсатында Биржаның қор нарығында ОК іске қосу аясында, есеп айырысу міндеттемелер туындаған әрбір қаржы құралының сенімділігі мен өтімділігіне қойылатын талаптар әзірленді. Қаржы құралдарының белгіленген талаптарға сәйкестігі, олармен өткізілген сауда-саттық нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді ішінара қамтамасыз ете отырып, сауда-саттыққа жіберілген құралдар тізіміне енгізу шартын анықтайды. Осы тізімге кірмеген қаржы құралдары толық алдын-ала төлем негізінде сатылады (толық қамтуымен).

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап келесі есеп айырысу ұйымдары қор нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асырады:

- ОК-пен жасалған мәмілелер бойынша – Биржа, Орталық депозитарийде 2019 жылдың 14 қазанында ашылған корреспонденттік шотты қолданумен;
- бағалы қағаздармен жасалған барлық мәмілелер бойынша және ОК-сыз – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қор нарығында ОК тәуекелдерді басқару жүйесін ендіру бойынша жұмыстар аясында түрлі тәуекелдерді басқару және бақылау элементтері енгізілді.

Несиелік тәуекелді басқару мақсатында клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына және олардың Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келуіне, қор нарығының клирингілік қатысушылардың санаттары анықталды – "жартылай қамтылған" және "толық қамтылған", олар клирингілік қатысушының міндеттемелерін қамтамасыз ету әдісін анықтайды, олар ОК-пен бақыланады.

ОК функционалын енгізуге байланысты тек кепілдемені ғана емес, сонымен бірге уақытылы есеп айырысуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ келесі негізгі механизмдерді қамтитын, жайғасымдарды ауыстырудың оперативті рәсімдері жасалды:

- теңгемен және АҚШ долларымен есеп айырысатын "Өзін-өзі реттеу" сауда-саттықтәртіптемелері енгізілді, бұл қатысушыға нетто-міндеттемелерді келесі есеп айырысу күніне ауыстыру мақсатында дербес репо операцияларын жасауға мүмкіндік берді;
- өз міндеттемелерін уақтылы орындамаған клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелері Биржа мен осындай қатысушы арасында белгіленген шарттар бойынша репо операцияларын және (немесе) своп операцияларын жасау арқылы реттелетін келесі күні автоматтандырылған ауыстыру рәсімдері енгізілді;

- клирингілік қатысушылардың алдындағы нетто-міндеттемелерді орындау мақсатында, Биржаның өз қаражаты есебінен де, автоматтандырылған тәртіптемеде жүзеге асырылатын адал клирингілік қатысушылармен жасалатын мәмілелер арқылы да есеп айырысу әдістемесі жасалды.

Дефолттарды реттеу рәсімдері, шетелдік клирингілік ұйымдар қолданатын, халықаралық есеп айырысу рәсімдеріне сәйкес.

Биржа есептік жылда Бағалы қағаздар бойынша комиссиялардың халықаралық ұйымының (бұдан әрі – IOSCO) келесі қағидаттарына сәйкестігі бойынша Биржа қызметіне өзіндік баға берді:

- қаржы нарығының инфрақұрылымдарының негізін қалаушы қағидалар;
- қаржылық индикаторларының негізін қалаушы қағидалар.

IOSCO және Төлемдер және есеп айырысу жүйелері жөніндегі комитеті 2012 жылдың 12 сәуірінде жариялаған, "Қаржы нарығы инфрақұрылымының негіз қалаушы қағидалары" қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі қағидаларын құрайды. Бұл қағидалар орталық контрагенттер, сауда-саттық репозиторийлері, орталық депозитарий, бағалы қағаздармен клиринг және есеп айырысу жүйелері, төлем жүйелері ретінде қызмет ететін ұйымдармен орындалуы тиісті ережелерді белгілейді.

Биржа өткізген өзін-өзі бағалаудың нәтижелері бойынша, Биржа қаржы нарығының инфрақұрылымының барлық негізгі қағидаттарына сәйкес келеді және клирингілік қатысушылар мен олардың клиенттеріне әлемдік деңгейдегі қызмет көрсетуге ұмтылатын заманауи клирингілік ұйым болып табылады.

IOSCO 2013 жылдың 17 шілдесіндегі "Қаржылық индикаторларларға арналған негізгі қағидалар", қаржы нарықтарында қолданылатын, индикаторлар үшін қағидалардың негізгі жүйесін құрайды. Бұл қағидалар қаржылық көрсеткіштерге әкімшілік ететін, ұйымдар қаржылық көрсеткіштерді есептеу және қалыптастыру кезінде орындалуы тиісті ережелерді белгілейді.





Қаржы индикаторларының қағидаттарын сәйкестендіру үшін, Биржаның қаржылық индикаторларының әкімшісі ретіндегі ережелер мен бизнес-үдерістердің құрылысын өзгерту бойынша қосымша жұмыс жүргізу қажет.

ІЛЕСПЕ ЖОБАЛАР

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен АҚШ долларына қатысты валюталық своп операциялары бойынша өтпелі және қосымша сауда-саттық сессияларын енгізу жөніндегі бірлескен жобалардың аясында шетел валютасының сауда-саттықтарында төлемдер жүргізу ережелеріне енгізілген өзгерістерге байланысты шетел валютасының сауда-саттықтары бойынша есеп айырысу ережелеріне түзетулер әзірленіп, бекітілді. Жаңартылған регламентте клирингілік қатысушылардың және Биржаның қосымша сауда-саттық сессиясының нәтижелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзімдері анықталды (тиісінше 18.30 ALT және 19.00 ALT), және клирингілік қатысушыларға ыңғайлы болу үшін клирингілік қатысушылардың маржалық талаптар бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ALT 19.00 дейін ұзартты.

Бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің сауда-саттықтарын ASTS+ жүйесіне ауыстыру және қор нарығына ОК енгізу барысында Биржамен осындай есеп айырысуларды ұйымдастырудың тұжырымдамасы жасалды, Биржаның ақпараттық жүйелерін жетілдіру, сауда-саттық ұйымдастыру, клиринг және ақшалай есеп айырысуды ұйымдастыруды және Биржаның қор нарығында орталық контрагент ретінде қызметін реттейтін, ішкі құжаттарының жобалары әзірленді. "Қор биржасында орталық контрагентпен операциялар бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның жаңа ішкі құжатының жобасы жасалды.

Биржаның корреспонденттік желісін әртараптандыру мақсатында, 2019 жылдың 11 наурызында Биржа ресей рубліндегі "Ресей Жинақ банкі" КАҚ (Мәскеу) корреспонденттік шотына қоса. Ресей рубліндегі жаңа корреспонденттік шотын ашты. Бұл Биржаның корреспонденттік шоты 2019 жылдың 02 сәуірінен бастап Ресей рублі/теңге валюталық жұбымен биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысулар үшін табысты жұмыс істеп келеді.

3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚТЫҢ ӨТІМДІЛІГІ МЕН ТЕРЕҢДІГІН ҰЛҒАЙТУ

ЖАҢА ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

2019 жылы Биржаның валюта нарығында жаңа қаржы құралдарының - өтеу мерзімі бір апта, бір ай, үш ай, алты ай және бір жыл валюталық своптар – сауда-саттықтары басталды.

Қазақстандық теңгемен есеп айырысу мүмкіндіктерін кеңейту аясында сауда күнін ұзарту мақсатында шетелдік және

халықаралық қатысушылар 2019 жылдың 01 шілдесінен бастап валюта нарығында өтпелі сессия іске қосылды, нәтижесінде сауда-саттық күні ұзартылды: валюталық сауда-саттықтың уақыты 15:30-дан өзгертіліп Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 17:00-де аяқталатын болды.

01 шілдеден бастап USDKZT_TOM құралымен сауда-саттықты өткізу кезінде франкфурттық сауда-саттық әдісін қолдануға мүмкіндік туды. АСЖ және NEXT сауда-саттық жүйелеріндегі сауда-саттық ережелеріне енгізілген өзгертулерге сәйкес франкфурттық сауда-саттық әдісі екі жағдайда қолданылады:

- болжамды мәміленің бағасы алдыңғы сауда-саттық күннің соңғы мәмілесінің бағасынан 1,5 % немесе одан көп ауытқыса;
- болжамды мәміле ағымдағы сауда-саттық күнінің соңғы франкфурттық сауда-саттығында қалыптасқан кесімді бағадан 1,5 % немесе одан көп ауытқыса.

Аталмыш регламентпен аукционның максималды ұзақтығы белгіленіп, 7 минутты құрайды. Франкфурттық сауда-саттықтың механизмі мәміленің мүмкін болатын ең үлкен көлемі жасалатын, кесімді бағаны анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкерлер институтын дамыту мақсатында мемлекеттік міндеттемелер бойынша баға белгілеуді жариялау және қолдау шарттары өзгертілді. Нәтижесінде, бағалы қағаздардың осы түрлері бойынша қор нарығында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ тұлғасында жаңа маркет-мейкер пайда болды.

2019 жылдың 15 қазанынан бастап әр жұмыс күн сайын Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 17:00-ден 17:30-ға дейін қосымша сессия өткізіледі, онда сауда-саттыққа келесі құралдар қол жетімді:

- АҚШ долларына қатысты бір күндік валюталық своп операциялары;
- МБҚ қоржынымен бір күндік "автоматты" репо операциялары.

Деривативтер нарығында мерзімі бір ай фьючерстердің сауда-саттығы ашылды.

Жаңа ASTS+ сауда-клирингілік жүйеге көшу кезінде маркет-мейкерлердің баға

белгілеулерін жариялау және қолдау үшін, маркет-мейкерлерге сыйақы түрінде ынталандыру шараларын қарастыратын, қосымша сызба жасалды.

НАРЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Есептік жыл барысында Биржа кәсіпкерлердің қор нарығы, корпоративтік басқару және инвесторлармен қарым-қатынас мәселелері бойынша хабардарлығы мен қаржылық сауаттылығын арттыруды жалғастырды. Барлық іс-шараларды Биржа бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен, халықаралық қаржылық және қаржылық емес ұйымдармен, "Атамекен" ҰКП, ұлттық даму институттарымен, "Даму" қорымен, KazakhExport, AFK, жергілікті атқарушы органдармен және басқа ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта өткізді. Жұмыс жан-жақты болды, атап айтқанда көшпелі іс-шаралар, оқу бағдарламаларын ұйымдастыру, түрлі кәсіптік бизнес-форумдар мен кеңестер мен бағдар беру кездесулер өткізілді. 80-нен астам компания өкілдерімен жеке кеңес беру кездесулері өткізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жеті жаңа қазақстандық компаниясы KASE листингінен өтті, олардың төртеуі борыштық бағалы қағаздардың эмитенттері болды:

**"Самұрық-Қазына" АҚ,
"Бәйтерек девелопмент" АҚ,
"МеталлИнвестАтырау" ЖШС,
және "Транстелеком" АҚ,
және үш акция эмитенті:
АҚ "Транстелеком",
"Бенкала тау-кен компаниясы" АҚ
және "Каспий тауар биржасы" АҚ**



ЭМИТЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

2019 жыл барысында қор нарығының құралдарын қолдану бойынша тоғыз дөңгелек үстел өткізілді. Облыс әкімдіктерінің қолдауымен Қазақстан аймақтарындағы кәсіпкерлер үшін "Қазақстан қор биржасында қаржыландыру тартудың мүмкіндіктері" тақырыбында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Барлығы жеті облыс және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалалары қамтылды:

Нұр-Сұлтан қ.
05 наурыз, 18 қатысушы;

Алматы қ.
28 наурыз, 22 қатысушы;

Атырау облысы
10 сәуір, 28 қатысушы;

Шығыс-Қазақстан обл.
22 қазан, 25 қатысушы;

Қостанай обл.
25 қазан, 28 қатысушы;

Павлодар обл.
05 қараша, 21 қатысушы;

Ақмола обл.
15 қараша, 20 қатысушы;

Батыс-Қазақстан обл.
19 ноябрь, 20 қатысушы;

Маңғыстау обл.
26 қараша, 21 қатысушы.

Бұл іс-шараларға компания басшылары, қаржы директорлары және меншік иелері, сондай-ақ "Даму" қорының, "Атамекен" ҰКП және жергілікті атқарушы органдардың аймақтық филиалдарының өкілдері қатысты.

Осымен бірге, 2019 жылы әлеуетті эмитенттер болып табылатын қазақстандық компаниялардың иелері мен басшыларымен қор нарығы құралдарын пайдалану бойынша кеңестер беру бойынша жеке іс-шаралар өткізілді. Мұндай іс-шаралар Алматы қаласында өткізілген көпшілік іс-шараларға басқа қалалардан келген делегаттардың қатысуымен, сонымен қатар аймақтарға жұмыс сапарлары аясында ұйымдастырылды, соның ішінде:

Ақтау қ.	_____	4 компания;
Ақтөбе қ.	_____	8 компания;
Алматы қ.	_____	23 компания;
Атырау қ.	_____	9 компания;
Қарағанды қ.	_____	3 компания;
Көкшетау қ.	_____	2 компания;
Қостанай қ.	_____	2 компания;
Нұр-Сұлтан қ.	_____	11 компания;
Талдықорған қ.	_____	3 компания;
Орал қ.	_____	4 компания;
Өскемен қ.	_____	4 компания;
Шымкент қ.	_____	6 компания.


Әлеуетті эмитенттердің қор нарығына қызығушылығын арттыру бойынша жұмыс барысында және инвесторлармен кері байланыс орнату мақсатында, Биржа жыл сайын Қазақстанның ірі қалаларында іскерлік таңғы астар өткізді. 2019 жылы осындай төрт шара өтті:

19 қыркүйекте Шымкентте;

26 қыркүйекте Ақтөбеде;

21 қарашада Алматыда;

12 желтоқсанда Нұр-Сұлтанда.



ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

26 ақпанда биржаның қызметкерлері "Даму" Қорымен және "Атамекен" ҰҚП бірлесіп компаниялардың иелері мен басқарушылары, даму институттары мен жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері үшін "Қор нарығының негіздері" атты семинарын өткізді.

19 наурызда Биржа алаңында инвесторлармен қарым-қатынас негіздері бойынша "Investor Relations: инвесторлармен тиімді байланыс" атты семинар ұйымдастырылды.

28 маусымда "Uchet.kz" ЖШС компаниясымен бірлесіп, қазақстандық компаниялардың қаржы департаменттері қызметкерлеріне арналған онлайн-вебинар өткізілді.

11 қазанда "Даму" қорының иелері және компания басшылары мен қызметкерлері үшін "Қор нарығының негіздері" атты семинары өтті.

20 желтоқсанда Ішкі аудиторлар институтымен бірлесіп "Корпоративтік басқарудағы ішкі аудиттің рөлі" атты дөңгелек үстел өтті, онда Ішкі аудиторлар институтының өкілдері және ірі компаниялардың ішкі аудитінің өкілдері инновациялар, халықаралық стандарттар және осы қызметтің артықшылықтары туралы әңгіме қозғады.



200 АСТАМ ҚАТЫСУШЫЛАР
Биржаның оқыту-білім беру іс-шараларына қатысты.

ФОРУМДАРҒА, КӨРМЕЛЕРГЕ ЖӘНЕ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ.

Биржа жыл барысында бес қоғамдық іс-шарада – форумдарда, салалық көрмелерде, тақырыптық конференцияларда – облыс орталықтарында, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында баяндамалар жасады. Биржа қызметкерлері "KASE - қаржыландыру тартудың платформасы" тақырыбында сөз сөйледі. Осындай іс-шаралардың бірі - 09 сәуірде Атырауда өткен "Атырау Мұнай және Газ" Солтүстік Каспий аймақтық көрмесі;

"Astana Mining & Metallurgy" X тау-металлургиялық конгресі (12 маусым, Нұр-Сұлтан); "Mining Week Kazakhstan 2019" тау-кен металлургиялық кешеніне арналған технологиялар мен жабдықтардың 15-ші халықаралық көрмесі (25 маусым, Қарағанды); "Тау-кен металлургиясы және Орталық Азия 2019" Орта Азиялық халықаралық көрмесі (18 қыркүйек, Алматы); "Жетісу Инвест 2019" инвестициялық форумы, "Инвестициялардың тиімділігін арттырудың тиімді құралдары" панельдік сессиясы (04 қазан, Талдықорған).

ЭМИТЕНТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ

Нарыққа қатысушылар, листингілік компаниялар, инвесторлармен және басқа мүдделі тараптармен байланысты жақсарту мақсатында Биржа "Эмитент күні" шараларын өткізеді.

2019 жылы осындай төрт шара өткізілді, оның барысында институционалдық инвесторлар мен акционерлердің биржаның листингілік компанияларының басшыларымен кездесулері өтті.

19 сәуірде Биржа алаңында "KEGOK" АҚ арналған "Эмитент күні" өтті. Компания басшылығы акционерлерге, инвесторларға, нарыққа кәсіби қатысушыларға және бұқаралық ақпарат құралдарына 2018 жылдағы қызметінің нәтижелері, іске асырылуы жоспарланған және Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесінің сенімділігін арттыруға бағытталған перспективалық жобалар туралы хабарлады.

27 маусымда "Эмитент күні" аясында IFC Лондонда орналасқан бас кеңсесінің қазынашылық басқармасы мен IFC Қазақстандағы өкілдігінің басшылары арасында инвесторлармен және Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларымен кездесу өтті.

10 шілдеде "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ жоспарлы купондық облигацияларын орналастыру аясында "Эмитент күні" болып өтті, оның барысында банктің Басқарма Төрайымы Л.Е. Ибрагимова әлеуетті инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесті.

2 189,26

2 189,02

2 185,66

2 284,95

05 қыркүйекте "KEGOC" АҚ Басқармасының Төрағасы Б.Т. Қажиевтің инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен интерактивті түрде кездесуі өтті. Қатысушылар рентабельділікті арттырып, компанияны дамыту стратегиясының маңызды сұрақтарына жауап алды.

Инвесторларға арналған іс-шаралар

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Инвесторлық базаны кеңейту және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Биржа 2019 жылы тұрғындардың кең ауқымды топтарына арналған тегін ағарту іс-шараларын өткізді.

29 мамырда Биржа алаңында "Даму" қорының қолдауымен жергілікті бөлшек инвесторлар үшін "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасау керек" атты семинар өтті. Тренинг бағдарламасы аясында "Қаржылық дегустация" интерактивті ойыны өтті.

2019 жылдың 04 қазанында Биржада, "Investor Day in KASE" іс-шарасы аясында, "Ring the Bell for Financial Literacy" сауда-саттық жабу рәсімі және бөлшек инвесторлар арасындағы байқаудың жабылу рәсімі өтті. "Ring the Bell for Financial Literacy" рәсімі – Дүниежүзілік биржалар федерациясының IOSCO (International Organization of Securities Commissions) World Investor Week) Дүниежүзілік инвесторлар апталығы деп аталатын, қаржылық сауаттылықты жоғарылату және халыққа қаржылық қызметтердің барлығына қол жетімді болуына бағытталған, жаһандық бастамасы.

12 қарашада Биржа алаңында қазақстандық университеттердің оқытушылары мен студенттеріне арналған "Қор нарығының негіздері" семинары өтті.

05 желтоқсанда Биржа алаңында "Даму" қорының қолдауымен жергілікті бөлшек инвесторлар үшін "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасау керек" тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Биржаның және брокерлік ұйымдардың қызметкерлері сөз сөйледі. Оқыту бағдарламасы аясында "Қаржылық

дегустация" интерактивті ойыны өтті. Қазақстанның жеті аймағында "Қазпочта" АҚ филиалдары мен клиенттері үшін Биржаның өнімдері мен қызметтері туралы семинарлар өткізілді:

Ақтөбе обл., 25 қыркүйек;
Шығыс-Қазақстан обл., 21 қазан;
Қостанай обл., 25 қазан;
Павлодар обл., 05 қараша;
Ақмола обл., 15 қараша;
Батыс-Қазақстан обл., 19 қараша;
Маңғыстау обл., 26 қараша.

Студенттік қоғамдастықтың және басқа да бөлшек инвесторлардың практикалық тәжірибесін қалыптастыру және қаржылық сауаттылықтарын арттыру мақсатында, Биржа жыл сайын екі конкурс өткізеді: "Биржалық симулятор" және "Бөлшек инвесторлардың байқауы".

Қор биржасындағы бөлшек инвесторлар арасындағы байқау 2019 жылдың 01 қыркүйегі мен 01 қазан аралығында өтті. Жарысқа барлығы KASE мүшелері болып табылатын брокерлік ұйымдардың 454 клиенті қатысты. Байқау барысында оның қатысушылары жалпы сомасы 137 миллион теңгеден асатын 2800-ден астам мәміле жасасты.

"Биржалық симулятор" білім беру жобасы оқу жоспары аясында кәсіби білімдерін, сондай-ақ қор нарығындағы тәжірибелік дағдыларын кеңейтуді қалайтын, қаржы-экономикалық және басқа мамандық студенттері үшін өткізіледі. 2019 жылы оқу-жаттығу сауда-саттықтар 01-30 сәуір аралығында өтті. Жобаға 46 жоғары оқу орнынан 1 167 студент қатысты. Жасалған мәмілелердің жалпы көлемі 5 989,9 теңгеге жетті.



БИРЖА МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

2019 жыл барысында Биржа мүшелерімен 11 кездесу өткізілді. Бұл кездесулерде ASTS+ сауда-клирингтік жүйені және орталық контрагенттің қызметтерін енгізу, сондай-ақ биржалық нарықтарды дамыту және қор биржасындағы үлестік және борыштық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкерлерге арналған бағдарламалар талқыланды.

Атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардың баға белгілеулерін жариялау және қолдау шарттары өзгертілді. Нәтижесінде, қор нарығында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ тұлғасында осы бағалы қағаздар түрлері бойынша жаңа маркет-мейкер пайда болды.

ASTS+ жүйесіне көшкенде маркет-мейкерлер үшін баға белгілеуді жариялау мен қолдаудың қосымша сызбасы жасалды, ол маркет-мейкерлерге сыйақы төлеу сияқты ынталандыру шараларын қарастырады.

Азия Даму Банкінің мемлекеттік қарызды басқаруды жетілдіру жобасына техникалық қолдау көрсету аясында 2019 жылдың 25 қазанында АДБ сарапшылары мен қор нарығының кәсіби қатысушыларының қатысуымен "Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарының ішкі нарығын дамыту келешегі" атты дөңгелек үстел өтті.

KASE ЖЕРГІЛІКТІ НАРЫҚТЫ АЛҒА ТАРТАТЫН АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ РЕТІНДЕ

2019 жылы Биржаның беделді және ашық ұйым ретіндегі имиджін сақтау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге, KASE брендинің құрудың маңызды аспектілерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу болып қала береді. Баспасөзбен өзара тиімді ынтымақтастығының негізі – Биржаның тиімділігі мен кәсібилігі.

Жалпы алғанда, 2019 жылы 5 баспасөз конференциясы және 8 брифинг өтті. Биржа Шымкент, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Орал және Ақтау қалаларында БАҚ өкілдеріне қаржылық ақпаратпен жұмыс бойынша семинарлар өткізді.

Қаржылық сауаттылықты арттыру және халықтың инвестициялық мәдениетін арттыру, сондай-ақ Қазақстанның қор нарығын алға тарту аясында KASE басшылығынан 9 сұхбат, бұқаралық ақпарат құралдарында Биржа сарапшыларының пікірлері көрсетілген, 32 мақала жарияланды.

Қазақстандық қор нарығы туралы ақпаратты таратудың тағы бір жолы Atameken Business Channel арнасындағы бірқатар телебағдарламалар болып табылады. Есептік кезеңде Atameken Business Channel "B курсе" күнделікті бағдарламасы шегінде "Қор нарығы. Status Pro" 14 бағдарламасы мен "KASE апталығы" бағдарламасы аясында 106 теледидарлық шығарылымы болды.

KASE туралы жаңалықтарды таратудың ең көп таралған құралы баспасөз хабарламалары болып табылады. 2019 жылы 31 баспасөз мәлімдемелері дайындалып, жарияланды.

KASE Talks ақпараттық платформасы танымалдылыққа ие болып келеді, бұл қаржы нарығын танымал ету мақсатында Биржа 2018 жылы бастаған елге белгілі қаржыгерлердің қатысуымен өтетін көпшілік дәрістерінің сериясы. Есептік кезеңде 8 ашық дәрісі өткізілді. Жыл сайын орта есеппен KASE Talks дәрістеріне 500-ге жуық тыңдаушылар – студенттер, оқытушылар, тәуелсіз сарапшылар және тілшілер келеді.





KASE сауда-клирингтік жүйелерін IT-модернизациялау, сондай-ақ жаңа құралдар мен қызметтерді ілгерілету бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Биржаны дамыту стратегиясы аясында "Биржа мүшелерінің трейдерлік және қазынашылық бөлімшелері қызметкерлерінің кәсіби нетворкингі" атты іс-шара өткізілді.

Сонымен қатар, 2019 жылы Биржа Астана экономикалық форумы және "Қаржы нарығы және Қазақстан экономикасының нақты секторы" конференциясында екі панельдік пікірталас ұйымдастырды.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ӨНІМДЕР

2019 жылдағы жаңа бағыт - нарықтық жағдайға, сауда құрылымына, листингтік компаниялардың қызметіндегі негізгі оқиғаларға тұрақты шолулар болып табылатын, аналитикалық өнімдер әзірленді. KASE апта сайынғы ақпараттық бюллетені, Ақпараттық бюллетень, Салалық есептер KASE сайтында еркін қол жетімді.

04 қаңтардан бастап, Биржаның веб-сайтында "Компаниялармен ақпараттар ашу" бөлімі ашылды. Бұл өнімнің мақсаты - нарыққа қатысушыларды Листинг ережелерімен белгіленген ақпаратты ашу бойынша міндеттемелерді орындау бөлігінде эмитенттер мен бағалы қағаздарды жіберушілердің кірісі туралы құжаттар мен хабарламалар туралы жедел түрде хабардар ету. Жаңадан жарияланған құжаттарға сілтемелердің онлайн тізбегі интернет-сайттың басты бетінде орналастырылған.

НАРЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

2019 жылы S&P Dow Jones Index аналитикалық компаниясы KASE ақпараттық қызметтеріне жазылды. Нәтижесінде, өз қызметінде биржалық ақпараттарды пайдаланатын компаниялардың саны 26-ға жетті.

Осы компаниялардан басқа, Биржаның мәліметтерін, KASE он үш вендорларының, солардың арасында, әлемдік ақпараттық агенттіктер санына кіретін, Bloomberg және Refinitiv ақпараттық агенттіктерінің

клиенттері алып отырады. Биржаның интернет-сайты арқылы нақты уақыт тәртіптемесіндегі сауда-саттықты көруге жазылушылардың саны 2020 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 156 құрады.

Биржа ақпараттармен алмасу бойынша қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен, сонымен қатар жаңа ақпараттық өнімдер мен қызметтерді құрумен үздіксіз айналысады. Сонымен, 2019 жылы Telegram қосымшасындағы @KASEInfoBot ақпараттық боты жаңа функциялармен толықтырылды.

Ботты пайдаланушылар саны 4 мыңнан асады, нақты уақыттағы сауда-саттық ақпаратына қосымша, мамандандырылған сауда-саттықтар және олардың нәтижелері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми кросс-бағамдары туралы ақпаратты көре алады, сондай-ақ қаржы құралының бағасы белгілі бір деңгейге жеткен кезде хабарландыру алу функциясын қолдана алады.

КІРІСТІЛІК ҚИСЫҒЫН ҚҰРУ. ЖАҢА ӘДІСНАМА

Мемлекеттік борыштың кірістілік қисығы - борыштық бағалы қағаздар шығаратын барлық компаниялар үшін, сондай-ақ қарыз нарығының инвесторлары үшін қарыз капиталы құнының негізгі көрсеткіші және негізгі нұсқауы. Қисықты құру және оның репрезентативтігін қамтамасыз ету үшін өтімді мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы қажет. Қаржы министрлігі мен Ұлттық банк бірнеше жыл бойы нарықтың осы сегментінде өтімділікті қамтамасыз ету үшін күш салып келеді.

Ұлттық Банк нарықта инфляциялық таргеттеу тәртіптемесіне өткеннен кейін, пайыздық мөлшерлемелердің тұрақтануы байқалды, бұл қарыз нарығындағы баға белгілеудің ең маңызды проблемаларын жойды және сұраныс пен ұсыныс бағасының сәйкессіздігін азайтты. Сонымен қатар, Ұлттық Банк пайыздық мөлшерлемелерді басқару саясатының бөлігі ретінде артық өтімділікті алу үшін ноталарды үнемі орналастыра бастады.

Бұл бізге өтімділікті бір жылға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Нарық қатысушылары осы горизонт бойынша күтулерді қалыптастырды, ал сегмент бойынша кірістілік қисығы бір жылға дейін нарықтық деңгейге жақын болатын күтулерді көрсетті. Алайда, бір жылдан астам кезең ішінде қайталама нарықтағы өтімділік төмен деңгейде қалды. Тиісінше, МБҚ кірістілік қисығын құру әдістемесі жетілдіруді қажет етті.

KASE Ұлттық Банкпен бірлесіп зерттеу жүргізді және Нельсон-Зигель математикалық моделін МБҚ кірістілік қисығын салуға ең қолайлы деп анықтады. Қисықтың әдіснамасы Биржаның "IRIS" ақпараттық жүйесінде жасалды.

МБҚ кірістілігі қисығының сынамалы ретроспективті есептеулерін жүргізіп, оны құрудың бағдарламалық кодын оңтайландырғаннан кейін, Биржа жаңа әдіснама негізінде МБҚ кірістілік қисығын құрудың басталғаны туралы, сонымен қатар жаңартылған қисықтың мәліметтерін пайдалана отырып, биржада саудаланатын бағалы қағаздардың нарықтық бағалауы үшін қолданылатыны туралы хабарлады.

2019 жылдың 30 қыркүйегінде жаңа әдіснамамен күнделікті мәліметтерді есептеу басталды және бір ай ішінде KASE нарықтық бағалардың мәндерін бұрынғы әдіснамадан жаңаға ауыстырды. Мұндай амортизация нарықтық бағаның күрт ауытқуын болдырмау және репо нарығындағы кепіл құнына қысым көрсету мақсатында жүргізілді.

Жаңа әдіснама осы мақсатта әлемде қабылданған математикалық аппараттарды қолдану арқылы әзірленді. Әдіснама төмен өтімділік кезеңінде тұрақты нәтижені көрсетеді және ағымдағы конъюнктураны барынша көрсетеді. Қисық сызықты салу кезінде есептеуге кіретін әрбір мәміленің параметрлерінің әсер ету деңгейі оның көлеміне және ұзақтылығына байланысты болады. Аномалиялық баға мәндерін жою үшін әлемде қабылданған статистикалық өңдеу әдістері қолданылады.

04 қарашадан бастап KASE интернет-сайтында кез-келген нарық қатысушысына қисық сызықты өз бетінше шығаруға мүмкіндік беретін кірістілік қисығын құру үшін пайдаланылатын есептеу параметрлерін жариялай бастады.

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Биржаның маңызды мақсаттарының бірі – клиенттердің қанағаттану деңгейін жоғарылату, биржалық қызметтерді бағалаудағы жоғары позицияларды қолдау және оларды жетілдірудің жаңа жолдарын табу. Биржалық қызметтердің сапасын бағалау негізгі бизнес-үдерістер бойынша жыл сайынғы сауалнаманы қарастыратын, клиенттердің Биржаның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін бағалау әдістемесі негізінде жүзеге асырылады. Қанағаттану деңгейін бағалау үшін берілген жауап нұсқалары көрсетілген ашық және жабық сұрақтар пайдаланылады. Соңғы екі жыл ішінде Әдістеме өзін-өзі бағалауға қойылатын талаптармен толықтырылды, ақпараттық қызметтер туралы бөлім, сонымен қатар қызмет тұтынушыларының сыныптарына бөлінген сауалнама мазмұнына өзгерістер енгізілді: Биржа мүшелері, листингтік компаниялар және Биржаның ақпараттық қызметтерін пайдаланушылар.

Сауалнамаға 2019 жылдың нәтижелері бойынша Биржаның 52 мүшесінің 29 (55,8 %), 157 эмитентінің 96 (96,1 %) және Биржаның 184 ақпараттық қызметтерінің 5 (2,71 %) клиенттері қатысты. Соңғылары қатысу үлесінің аздығына байланысты жалпы бағалаудың есебіне қосылмады. Биржа клиенттерінің қанағаттануының жалпы рейтингі 2019 жылдың соңында 93,3 % құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 3,8 % жоғары.

Сауалнама нәтижелері бойынша Биржаның қызметін жақсарту бойынша шаралар кешені анықталды, олар 2020 жылға арналған негізгі міндеттер тізіміне енгізілді.



4 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАЛАРЫН ЕНГІЗУ

KASE тұрақты даму саласындағы, соның ішінде листингтік компаниялар арасында ESG бойынша ақпараттардың ашылуын жақсарту, жауапты инвестициялар (PRI) бойынша тренингтер мен семинарлар өткізу және ESG критерийлері бойынша ақпаратты ашу, тұрақты даму қағидаларына сәйкес келетін өнімдерді кеңейту бөлігінде үздік халықаралық тәжірибені басшылыққа алады.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясы мүшелерінің 39 биржасының бірі, ESG критерийлері негізінде есеп беру әдістемесін тарататын және ESG критерийлерін алға тартатын 48 биржаның бірі.


Тұрақты даму қағидаларын іске асыру аясында KASE тиісті саясатты әзірлеуде, оны жүзеге асыру 2020 жылға жоспарланды.

Заңды тұлға және инфрақұрылымдық ұйым ретінде KASE корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына, бизнестің экологиялық қауіпсіздігі мен әлеуметтік жауапкершілігіне ерекше назар аударады және осы қызметтің аспектілері туралы ақпаратты ашады,

оның ішінде осы ақпарат осы есепте ұсынылған ("Корпоративтік есеп" бөлімі).

KASE өз қызметін тиімді басқаруға және оның үздіксіздігін қамтамасыз етуге тырысады.

Биржадағы тәуекелдерді басқару үдерісі превентивті сипатта, бүкіл Биржа бақылауында және басқару органының тікелей қатысуымен жүзеге асырылады. Биржа тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық деңгейлері тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысатындай етіп, директорлар кеңестерінен бастап, бөлімше мамандарына дейін болатындай етіп, тәуекелдерді басқару жүйесі аясында өзара іс-әрекет моделін құрды. Тәуекелдерді басқару және бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі туралы толық ақпарат осы есепте ашылған ("Тәуекелдерді басқару жүйесі" бөлімі).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИРЖАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ

Халықаралық тәжірибені зерделеу және шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың отандық қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Биржа өз қызметін халықаралық аренада жалғастырады.

Дүниежүзілік биржалар қауымдастығының (WFE), Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS) және ТМД биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД МАБ) мүшесі бола отырып, Биржа осы ұйымдарға белсенді қатысады.

Биржа WFE қаржы технологиялары, шағын және орта бизнес, дамушы нарықтар және тұрақты даму бойынша жұмыс тобының мүшесі болып табылады. Клирингілік қызметті және орталық контрагенттің функционалын дамыту мәселелерін зерттеу мақсатында, Биржаның қызметкерлері жыл сайынғы "IOMA: WFE's 36th Clearing & Derivatives Conference 2019" конференциясына (Мумбай, Индия) қатысты.

2019 жылдың маусым айында Цюрих қаласында (Швейцария) Биржа осы бағыттардағы жұмыс жоспарларын жасауға қатысты. 2019 жылғы қазанда WFE мүшелерінің жыл сайынғы конференциясында (Сингапур) Биржа Басқармасының Төрайымы нарықтық өтімділікті бөлу туралы панельдік талқылауға қатысты.


FEAS-ке қатысу аясында Биржа реттеу мәселелері, инвесторлармен қарым-қатынас жүйелері және тұрақты даму бойынша бірқатар жұмыс топтарының құрамына кіреді. 2019 жылдың маусым айында Биржа жыл сайынғы "ConFEAS 2019" конференциясына қатысты

(Бухарест, Румыния), онда қаржылық технологиялардың дамуы, тұрақты даму мәселелерінің өсіп келе жатқан рөлі, есеп айырысу инфрақұрылымының дамуы және қор нарығына бөлшек инвесторды тарту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, конференцияда FEAS қатысушы елдер биржаларының кәсіби қатысушылары арасында өткізілген конкурстың нәтижелері жарияланды. Байқау нәтижелері бойынша "Фридом Финанс" АҚ қазақстандық компаниясы FEAS мүше елдердің брокерлер биржаларының арасында бағалы қағаздар нарығында қола жүлдегер атанды.

FEAS-ке белсенді қатысу халықаралық тәжірибені зерделеумен қатар, Биржаның шетелдік биржалармен және олардың қатысушыларымен халықаралық қатынастарын нығайтуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Биржа қызметкерлері 2019 жыл ішінде FEAS ұйымдастырған бірқатар іс-шараларға қатысты.





FEAS ұйымдастырған Тегеран қаласында болып өткен "FEAS Onsite Training" "Тошкент" Республикалық қор биржасы мен Иран қор биржасы (Иран Fara Bourse) үшін ұйымдастырылған оқу іс-шарасына KASE қызметкерлері KASE нарықтарына рұқсаттама алу мәселелері бойынша оқыту іс-шарасына қатысты.

Биржа ТМД ХБА мәжілістеріне ХБА Кеңесінің және қауымдастықтың жұмыс тобының мүшесі ретінде қатысады. Биржа 2019 жылдың қыркүйегінде Бішкекте (Қырғыз Республикасы) Еуразия орталық депозитарийлері қауымдастығы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Халықаралық биржалары қауымдастығы ұйымдастырған "Қаржы нарықтарындағы интеграциялық үдерістер: Еуразия және жаһандық экономика" конференциясына қатысты. Іс-шара барысында конференцияға қатысушылар қаржы нарықтарындағы интеграция мәселелерін және интеграциялық үдерістердегі қаржы нарығының инфрақұрылымының рөліне қатысты мәселелерді талқылады.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

2019 жылы Биржа, қашықтықтан мүшелік ету арқылы, KASE қор нарығына шетелдік қатысуды арттыру және шетелдік брокерлік ұйымдар мен инвестициялық банктерді Қазақстан нарығына тарту бойынша бірқатар іс-шаралар өткізді.

Барлық іс-шаралардың мақсатты аудиториясы активтерді басқару жөніндегі компаниялар, институционалдық инвесторлар және қор биржасының кәсіби қатысушылары болды.

2019 жылдың 11 қыркүйегінде "KASE Day in Tashkent" өтті, оған 60-тан астам адам қатысты. Олардың қатарында Өзбекстанның қор биржасының, өзбек брокерлік компанияларының, Өзбекстанның коммерциялық банктерінің, Қазақстанның ірі компаниялары мен брокерлік компанияларының өкілдері бар.

05 және 06 қарашада KASE Day in Minsk және KASE Day in Moscow іс-шаралары болып өтті. Биржаның қазіргі жағдайы мен даму перспективалары, Қазақстанның қаржы нарығындағы негізгі беталыстар, KASE қаржы құралдары мен қызметтері, сондай-ақ Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері іс-шаралар барысында талқыланған негізгі мәселелер болып табылды.



05 желтоқсанда Лондонда KASE Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Citibank N.A. бірлесіп ұйымдастырған "Kazakhstan: Local Markets Development" конференциясы өтті. Іс-шара шетелдік институционалдық инвесторларды қазақстандық қор нарығының әлеуеті және оған қалай қол жеткізуге болатындығы туралы ақпараттандыруға бағытталған.

Іс-шара барысында "Қазақстанның макроэкономикалық шолуы және инвестициялық мүмкіндіктері" және "Ұлттық валютадағы құралдар және нарықтық инфрақұрылымды дамыту" тақырыптарында пікірталастар өтті. Конференцияда KASE, Ұлттық банк, Citi, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Clearstream Banking S.A. және Amundi Asset Management өкілдері сөз сөйледі.

Спикерлер қатысушыларға Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай және KASE нарықтары, экономиканың нақты секторының инвестициялық әлеуеті, қор және ақша нарықтарының артықшылықтары және Қазақстанның капитал нарығының инфрақұрылымындағы өзгерістер туралы ақпаратпен бөлісті. Талқылау барысында шетелдік капиталдың қазақстандық капитал нарығына қол жетімділігі туралы мәселелер қозғалды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

2019 жылы Биржа Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) ортақ биржалық кеңістігін құру және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының трансшекаралық есеп айырысуларды дамыту жобасы бойынша жұмыстар жүргізді.

Биржа ЕАЭО аясындағы келесі құжаттарды әзірлеуге және талқылауға белсенді қатысады: "ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің брокерлері мен дилерлерін басқа мүше мемлекеттердің биржаларында ұйымдастырылған сауда-саттыққа

қатысуға рұқсат беру туралы келісім" және "Бағалы қағаздарды орналастыру және айналысқа өзара рұқсат беру туралы келісім". ЕАЭО мүше мемлекеттерде ұйымдастырылған сауда-саттық".

KASE Мәскеудегі X Биржалық форумға және Сочидегі V Халықаралық FX&MM Форумына қатысты, сонымен қатар ынтымақтастық, KASE технологияларын дамыту және Қазақстан нарығының аспаптық желісін кеңейту және оған Ресейлік қатысушылары үшін рұқсаттама алу мәселелерін талқылау мақсатында, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының кәсіби қатысушыларымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырды. Өңірлік валютадағы сауданың өтімділігін арттыру бойынша жұмыс аясында KASE Еуразиялық даму банкі ұйымдастырған жұмыс тобына қатысты, ол аймақтағы тікелей валюта айырбастау үлесін ұлғайту бойынша практикалық қадамдарды талқылайды. Атап айтқанда, аймақтың биржаларында осы валютадағы сауда-саттықтың ашылуы, биржалар құрылып, осы валюталармен есеп айырысуды оңтайландыру үшін корреспонденттік желіні дамыту.

Сонымен бірге Биржа жыл сайынғы XIV Халықаралық "Еуразиялық экономикалық интеграция" конференциясына қатысты, онда KASE өкілі спикер ретінде қатысып, теңге-рубль валюталық жұбының өтімділігін арттыру шаралары туралы айтты.

Есептік жылдың мамыр айында KASE "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес банкі" АҚ-мен бірлесіп, Қытай Халық банкінің қолдауымен "Тығыз ынтымақтастықтағы сәтті болашақ: Қытай Халық банкінің көмегімен Қазақстан Республикасы мен Қытайдың ұлттық валюталарымен трансшекаралық есеп айырысулар" тақырыбында "Қорғас" халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығының аумағында

конференция өткізді. Шараға Ұлттық банктің, Биржаның, Қытай Халық банкінің, Қытайдың сыртқы сауда орталығының өкілдері және коммерциялық банктердің өкілдері қатысып, спикер ретінде сөз сөйледі. Іс-шарада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының трансшекаралық есеп айырысуларға қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

2019 жылдың жазында Биржа өкілдері Қазақстан-Қытай Ынтымақтастық Комитетінің Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі қосалқы комитетінің 10-шы отырысына және Қытай Халық банкінің "Халықаралық қаржылық ынтымақтастық" бас кеңсесінің семинарына қатысты.

Қосалқы комитет отырысының нәтижесінде ұлттық валютаны айырбастау көлемі туралы ақпаратпен алмасу, нарықтық мәліметтерді таратудағы ынтымақтастық, сондай-ақ екі елдегі жобаларды қаржыландыру үшін ұлттық валютада қаржыландыруды тартудағы кедергілерді анықтау және жою шараларын қамтитын іс-шаралар жоспары қабылданды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

2015 жылдың 24 қыркүйегінен бастап Қазақстан қор биржасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) "Тұрақты қор биржалары" (Sustainable Stock Exchanges Initiative, UN SSE) бастамасының мүшесі болды. Бастама эмитенттерге ақпаратты ашу үшін ESG стандарттарын басшылыққа алу, сондай-ақ биржалық қызметті тұрақты дамыту және гендерлік теңдік мәселелері бойынша тәжірибе алмасады.

2019 жылдың 07 наурызында Биржа Қазақстандағы "БҰҰ-Әйелдер", Дүниежүзілік Банкпен және Халықаралық Қаржы Корпорациясымен (IFC) UN SSE бастамасы аясында гендерлік теңдікке арналған "Ring the Bell for Gender Equality" рәсімін өткізді. Іс-шара Халықаралық әйелдер күнімен тұспа-тұс келді және гендерлік теңдікті ілгерілетудің, әйелдердің мүмкіндіктері мен экономикалық мүмкіндіктерінің маңыздылығын атап өтуге арналды.


2019 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстандық қор биржасы "БҰҰ-Әйелдер" Құрылымымен бірлесіп, 2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму аясында "Бизнесте әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидалары" атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

2019 жылғы 04 қазанда IOSCO Дүниежүзілік инвесторлар апталығы аясында қор биржасындағы бөлшек инвесторлар арасындағы байқаудың жеңімпазы деп жариялануына орай ұйымдастырылған шарада "Ring the Bell for Financial Literacy" салтанатты рәсімі өтті.

НАТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

KASE нарықтары

Операциялық және қаржылық нәтижелер



2 285,64

2 278,34

2 283,65

2 282,51

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИРЖАЛЫҚ БИЗНЕСІҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

2019 жыл барлық әлемдік биржалар үшін оң нәтижелермен аяқталды. Қор индекстері рекордтық деңгейге көтерілді, және олардың өсуі 2019 жылы нарықтық белсенділіктің өсуіне негіз болды. Нарық өсуінің негізгі драйверлері технологиялық сектордағы, денсаулық сақтау және сұранысқа ие тұтыну тауарлары саласындағы компаниялар болды.

2019 жылы әлемдік экономикадағы басты оқиға Америка Құрама Штаттары мен Қытай арасындағы сауда соғысы болды. Екі ірі экономиканың арасындағы ұзаққа созылған сауда соғысы аясында Америка Құрама Штаттары мен Қытайдың тауар айналымы 2019 жылы 541,2 миллиард долларды құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 14,6 пайызға төмен. Әлемдік экономикалық өсудің баяулауы мен сауда соғыстары Еуропа елдеріне көп әсер етті. Еуроаймақтың жалпы ішкі өнімінің өсімі 1,2 %-ға дейін баяулады, ал аймақтың өнеркәсіптегі іскерлік белсенділік соңғы жеті жылда рекордтық деңгейге дейін әлсіреді.

2019 жылы тауар нарығының негізгі факторы мұнай өндіруді қысқарту туралы ОПЕК+ елдерінің келісімі болды, бұл энергия нарығындағы сұраныс пен ұсынысты теңестіруге және бағалардың күрт өсуіне жол бермеуге мүмкіндік берді.

Төменде WFE мәліметтеріне негізделген әлемдік қор нарығының негізгі көрсеткіштері келтірілген:


- қор нарығының ғаламдық капиталға айналуы 2018 жылмен салыстырғанда 22,9 %-ға өсіп, 94 трлн АҚШ долларын

құрады. WFE барлық аймақтарында өсім байқалды. ЕТША аймақтарында (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка), Америкада (Солтүстік және Оңтүстік Америка) және Азия-Тынық мұхиты аймағында капиталға айналу тиісінше 31,48 %, 21,10 % және 16,69 % өсті;

- Әлемдік биржалық сауданың көлемі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 16 %-ға төмендеп, 21 трлн АҚШ долларын құрады. Көлемнің өсуі тек Азия-Тынық мұхиты аймағында байқалды және 7,2 трлн болды, бұл бір жыл бұрын 6,1 трлн долларға қарағанда. Шэньчжэнь мен Шанхай биржалары осы аймақтағы өсудің басты себебі болды. Америка аймағында 16 триллионнан 10,9 триллион долларға дейін құлдырау байқалды.


2019 жылдың соңында KASE WFE-нің 70 мүшесінің ішінде ол өткен жылмен салыстырғанда 9,8 % өсіп, қор нарығын капиталға айналдыру бойынша 51-ші орынды иеленді. 2019 жылы капиталдандырудың өсуі бойынша абсолютті көшбасшы Сауд Арабиясы биржасы болды, ол шамамен 385 % өсті. Биржада облигациялармен жасалған сауда-саттық көлемі 13 млрд. АҚШ долларына жетті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 25,1 %-ға артық және KASE WFE-ге мүше-биржаларының арасында 21 орынды иеленді.

1 сурет. Дүниежүзі қор биржаларының капитализациясы, млрд АҚШ доллары




Дереккөз: World Federation of Exchanges (WFE)

2 сурет. Дүниежүзі қор биржаларындағы акциялар сауда-саттықтарының көлемі, млрд АҚШ доллары



Дереккөз: World Federation of Exchanges (WFE)

3 сурет. Дүниежүзі қор биржаларындағы облигациялар сауда-саттықтарының көлемі, млрд АҚШ доллары




Дереккөз: World Federation of Exchanges (WFE)

KASE индексі 2019 жылы 3 %-ға өсті. 2019 жылы ең үлкен өсуді көрсеткен индекстердің алғашқы үш көшбасшысының қатарына дамушы елдердегі қор нарықтарының индексі кірді. Аргентина, Бразилия және Ресей индекстері өздерінің тарихи максимумдарын жаңартты. Индекстің өсуінің негізгі драйвері эмитенттердің несиелік сапасының жақсаруы, валюта бағамдарының салыстырмалы

тұрақтылығы, аталған елдердің оң макростатистикасы, сондай-ақ орталық банктердің жеңіл "ынталандырушы" саясатқа өтуінің арқасында биржалық алаңдардың активтеріне деген жергілікті және шетелдік инвесторлардың тәуекелге тәбеттің жоғарылауы болды. Төменде негізгі қор индекстері мен 2019 жылға арналған KASE индексінің өзгеру графигі келтірілген.

4 сурет. Негізгі дүниежүзілік қор индекстерінің және KASE Индексінің 2019 жыл қорытындысы бойынша өсу көрсеткіштері, %



Дереккөз: Bloomberg

KASE НАРЫҚТАРЫ

2 275,36

2 263,31

2 251,52

2 259,23

ЛИСТИНГ

KASE РЕСМИ ТІЗІМІ

Биржаның ресми тізімінде 2020 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 20 эмитенттің 651 бағалы қағаздары, оның ішінде "Негізгі" сауда-саттық алаңында 104 эмитенттің 307 бағалы қағаздары, "Альтернативті" сауда-саттық алаңында 66 эмитенттің 87 бағалы қағаздары және "Аралас" сауда-саттық алаңында 38 эмитенттің 257 бағалы қағаздары болды.

2019 жылы екі қазақстандық брокерлік ұйымның бастамасымен Биржаның ресми тізіміне американдық компаниялардың 13 бағалы қағаздары, 4 ресейлік компаниялардың бағалы қағаздары, 1 ЖДҚ шығарылымы және 5 мемлекеттік бағалы қағаздардың 5 шығарылымы (Ресей Федерациясы, Түркия Республикасы, Украина және Оман Сұлтанатының үкіметтері шығарған облигациялар кірді).

Бұдан басқа, 2019 жылы алғаш рет Азия Даму Банкінің үш облигациясы және Еуропалық инвестициялық банктің бір облигациясы KASE тізіміне енгізілді. Жалпы алғанда, 2019 жылы KASE листингіне халықаралық қаржы ұйымдарының 19 облигациясы KASE листингінен өтті.

2019 жылдың қазан айында мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру аясында тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында шығарылған, Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының облигациялары алғаш рет биржаның ресми тізіміне енгізілді. Жалпы алғанда, 2019 жылы KASE тізіміне жергілікті атқарушы органдардың 22 облигациялар шығарылымы енгізілді.

2019 жылы Листингілік комиссияның 26 отырысы өткізілді, нәтижесінде

30 компания (оның ішінде 12 жаңа компания) листингтің толық рәсімінен өтті, 43 бағалы қағаз шығарылымы Биржаның ресми тізіміне енгізілді, оның ішінде: корпоративтік облигациялар – 36; жай акциялар – 3; инвестициялық қорлардың акциялары – 3 және артықшылықты акциялар – 1.

Жеңілдетілген рәсім бойынша, 2019 жылы 45 эмитент листингтен өтті (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын қоспағанда). Сонымен, Биржаның ресми тізіміне 71 бағалы қағаздар шығарылымы енгізілді, олардың ішінде: жергілікті атқарушы органдардың облигациялары – 22; халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары – 19, жай акциялар – 16; шетелдік мемлекеттік облигациялар – 5, айналыс мерзімі бір жылға дейінгі облигациялар – 4; корпоративтік облигациялар – 3, инвестициялық қорлардың акциялары – 1 және депозитарлық қолхаттар – 1.

2019 жылы айналыста болу мерзімінің аяқталуына, шығарылымның мерзімінен бұрын өтелуіне немесе жойылуына байланысты, 37 облигациялар шығарылымы Биржаның ресми тізімінен шығарылды. Бір эмитенттің артықшылықты акцияларының бір шығарылымы оның жай акцияларға айырбасталуына байланысты автоматты түрде шығарылды. Сондай-ақ, алты эмитенттің 7 акцияларының шығарылымы олардың эмитенттерінің бастамасы бойынша Биржаның ресми тізімінен шығарылды (ерікті делистинг) және бір эмитенттің бір шығарылымы жылдық листингілік алымды төлеу бойынша өтелмеген берешегі болуына байланысты шығарылды.

"ЛИСТИНГІЛІК ЕМЕС БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР"

2019 жылы брокерлік ұйымдардың бастамасы бойынша KASE "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында үш эмитенттің үш эмиссиялық акцияларын шығарды, олардың 2 үш айдан кейін осы бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттықтарда қатарынан 90 күнтізбелік күн бойы мәміленің болмауына байланысты шығарылды.


АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР

2019 жылы Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитетінің 4 отырысы өткізілді, оның қорытындылары бойынша екі аудиторлық ұйым Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімінің екінші деңгейінен бірінші деңгейге өтті.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

5 сурет. Акциялар нарығындағы акциялар сауда-саттықтарының көлемі, млрд KZT



- RDGZ жай акцияларын кері сатып алу
- Бастапқы нарық
- Қайталама нарық


2019 жылы акциялар сауда-саттықтарының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 62,3%-ға 203,6 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 827,5 млн. теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 420, бір мәміленің орташа көлемі – 2,0 млн.

2019 жылы бастапқы нарықта бір орналастыру болды. Жай акцияларға жазылу аясында Ferro-Alloy Resources Limited бір акцияға 0,7 фунт (348.698 теңгеге баламалы) бағасымен 14 908 акцияны орналастырып, 10 435,6 фунт (5 198 389,8 теңге) қаржы тартты. Бастапқы қор нарығындағы сауда-саттық көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 99,0% төмендеді.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 62,3% төмендеп, 203,6 млрд. теңгені құрады. Мұндай елеулі төмендеу 2018 жылы қайталама нарықта бірнеше компаниялардың акционерлерінің ауысуы және "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ акцияларын сатып алу нәтижесінде туындаған тұрақсыз сипаттағы мәмілелердің үлкен көлемінің болуына байланысты болған.

6 сурет. Акциялар нарығындағы негізгі инвесторлардың үлестері



- ЕДБ
- Брокер-дилерлер
- Басқа заңды тұлғалар
- Өзге институционалдық инвесторлар
- Жеке тұлғалар



Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалар неғұрлым белсенді болып қалды, олардың шоттарына биржалық сауданың жалпы айналымының 51,5 % құрады. Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) қатысуы – 0,7 %, брокерлік-дилерлердің үлесі 24,5 %, басқа институционалды инвесторлардың үлесі 5,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 18,1 % болды. Резидент еместердің қатысуы 20,3 % бағаланды.

2019 жылдың аяғында KASE Индексі 2,6 % өсіп, 2363,79 тармақты құрады. Индекстік акциялар сауда-саттықтарының жалпы көлемі 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36 % төмендеп, 108,4 млрд. теңгені құрады.

2019 жылы "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ акциялары KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілді. Осылайша, есептік жылдың аяғында KASE Индексіне сегіз атаудағы акциялар кірді. Есептік жылдың қорытындылары бойынша индекстелген акциялар арасындағы өсімнің көшбасшысы "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ бағалы қағаздары болды. "Казкоммерцбанк" АҚ-ын сатып алғаннан кейін эмитент банктік қызмет көрсету нарығында ең үлкен үлесті иеленеді, тұрақты кірістілігі мен капиталдың жеткіліктілігінің жоғары деңгейіне ие. "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2019 жылдың қаңтар-маусым айыларында ХҚЕС бойынша 164,2 млрд. теңге мөлшерінде шоғырландырылған таза пайда алды, бұл 2018 жылғы қаңтар-маусым айларына қарағанда 1,9 есе көп. Банктің тиімді операциялық көрсеткіштерінен басқа, инвесторлар қауымдастығы дивидендтік саясатты жаңартуға оң жауап берді.


Маусым айының соңында "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ Директорлар кеңесі банктің дивидендтік саясатына өзгертулер мен толықтыруларды мақұлдады, оған сәйкес банктің шоғырландырылған таза кірісінің кем дегенде 50 % және 100 % дейін дивидендтерді төлеуге жұмсалады (бұрын – 15 % бастап 50 % дейін).

Бағаның өсуі жағынан екінші орында - "Кселл" АҚ акциялары, олардың бағасына 25,9 % қосылды. Компания акцияларының өсуіне ықпал ететін негізгі оң факторлардың бірі – нарықтағы стратегиялық позициясының нығаюы есебінен компания кірісінің өсу мүмкіндігі. Компанияның "Қазақтелеком" АҚ құрамына енуі қызметтердің сапасына ерекше назар аудара отырып, тұрақты орта қалыптастырды.


"KEGOC" АҚ акциялары бағасының өсуі 2019 жылы 1,5 % құрады. Бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша компания 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда табыстың 48 %-ға, яғни, 191 млрд теңгеге дейін өскенін хабарлады, ал қарастырылып отырған кезеңдегі таза пайда 7 %-ға немесе 29,7 млрд теңгеге дейін төмендеді. Табыстың өсуі негізінен қызметтің жаңа түрінен 52 млрд. теңге түсімге (жүктемені көтеруге қуаттылықтың әзірлігі), сондай-ақ қызметтің басқа салаларында кірістің қалыпты өсуіне байланысты болды.

2019 жылы ең үлкен төмендеу "Қазақтелеком" АҚ (-19,1 %) және "ҚазТрансОйл" АҚ (-22,8 %) акциялары бойынша тіркелді.

7 сурет. 2017-2019 жылдардағы KASE Индексінің қозғалысы, %




8 сурет. KASE индексінің компоненттерінің баға белгілеулерінің динамикасы, %



Есептік жылы "Қазақтелеком" АҚ ұлттық телекоммуникациялық байланыс операторының жай акцияларының баға белгілеулері бірқатар маңызды корпоративтік жаңалықтардың аясында жоғары құбылмалылыққа ұшырады. Инвесторлар ауқымды капиталды шығындарды, биржалық сауда-саттықтың өсуін және облигациялар түрінде қосымша сыртқы қаржыландыру тартуды ескере отырып, компанияның жағдайына әртүрлі баға берді.

Бағалы қағаздар нарығының капитализациясы 2019 жылы 11,2 % өсіп, 17,2 трлн теңгеге жетті. Көрсеткіштің өзгеруі бірнеше компаниялардың акциялары бойынша осы көрсеткіштің есебіне қосылуы және жекелеген акциялар атауларының бағасы айтарлықтай өсуіне байланысты болды.

9 сурет. Соңғы 5 жылдағы листингтік акциялар санының динамикасы



2019 жылдың қараша айынан бастап акциялар бағасы оң аралық қаржылық есеп берушілік жарияланғаннан кейін қалпына келе бастады. 2019 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда "Қазақтелеком" АҚ кірісі 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 90 %-ға немесе 298,6 млрд. теңгеге дейін өсті. Табыстың өсуі негізінен ұялы байланыс қызметінен түскен табыстың өсуіне байланысты болды. ҚЕХС таза пайда 26,6 % өсті.

Есептік жылы "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларына бірқатар жағымсыз корпоративтік жаңалықтардың шығуына байланысты "аюлар" қысым көрсетті. Нарықтың жағымсыз реакциясының негізгі себебі дивидендтер төлемдерінің мөлшерінің сәйкес келмеуі болды, олар 2019 жылы IPO басталғаннан бері алғаш рет акционерлердің күткен нәтижесімен ұлғайтылмады.

2 382,15
2 375,50 2 378,95

2 377
2 376,28

2 368,58
2 367,60
2 367,00

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2019 жылы KASE корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 17,6 % немесе 406,1 млрд теңгеге артып, 2,7 трлн теңгені құрады. Көлемнің өсуі бастапқы және қайталама нарықта байқалды.


Орташа күндік көлем 11 038,9 млн. теңге деңгейінде болды (қайталама нарықта – 3 097,1 млн.теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 11, бір мәміленің орташа көлемі – 1 004,3 млн.теңге (қайталама нарықта – 325,5 млн. теңге).

Барлығы Биржада 27 эмитенттің 42 облигациясы орналастырылған. Жалпы қаржы тарту көлемі 2 трлн. теңгеге жетіп, 5,1 % немесе 95,5 млрд. теңгеге артты. Нарықтық орналастырулардың мөлшерлемелері жылдық 9-12,0 % аралығында өзгерді.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктер 18,3 %, брокер-дилерлер – 1,5 %, басқа институционалды инвесторлар – 75,5 %, басқа заңды тұлғалар – 3,7 %, жеке тұлғалар – 0,9 %. Резидент еместердің үлесі 8,9 % құрады.


Есептік жылда корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 68,9 %-ға 761,9 млрд. теңгеге дейін өсті.

10 сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың көлемі, млрд KZT



- Банктік секторды қолдау бағдарламасы
- Бастапқы нарық
- Қайталама нарық

11 сурет. Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жалпы брутто-айналымының ең үлкен үлесін 37,3 % құрайтын ЕДБ алады, екінші орында 32 % қатысу үлесі бар заңды тұлғалар, басқа институционалды инвесторлар – 27,2 %, брокерлер-дилерлер – 2,6 %. Нарықтың осы сегментіндегі жеке тұлғалардың үлесі 1 % құрады. Резидент еместердің қатысуы 1,7 % бағаланды.


МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Биржадағы МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 1,8 трлн теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 10,9 % -ға өсті.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 7 413,4 млн. теңгені құрады (қайталама нарықта – 1532,8 млн. теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 4, бір мәміленің орташа көлемі 2 056,0 млн. теңгені (қайталама нарықта – 591,0 млн. теңге) құрады.

2019 жылы бастапқы нарықтың көлемі 1,4 трлн теңгеге жетті, бұл 2018 жылдың нәтижесінен 69,5 %-ға артық. Оның ішінде Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында 14 облыстың және Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері 108,9 млрд. көлемінде қаржы тартты.

12 сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі, млрд KZT



- Бастапқы нарық
- Қайталама нарық

KASE сауда-саттықтарында тартқан Қаржы министрлігінің қарыз көлемі 1,3 трлн. теңгені құрады. Бұл сома 2019 жылға жоспарланған тарту көлеміне сәйкес келді және 2018 жылғы көрсеткіштен 592,3 млрд теңгеге (80 %) жоғары. Қаржы министрлігінің орналастыру аясындағы кірістілік жылғы 8,46 %-9,9 % аралығында өзгерді. Орналастырылған облигациялардың мерзімі екі жылдан 20 жылға дейін.


Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің үлесі 0,6 %, басқа институционалды инвесторлардың үлесі – 91,4 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 8 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 52,4 %-ға немесе 414,3 млрд. теңгеге азайып, 377,1 млрд. теңгені құрады. Ұлттық Банктің нотталарымен қайталама нарықтағы сауда-саттық үлесі жалпы сауда айналымының 89 % құрады, бұл 2018 жылғы 85,5 %-ды құрады, бұл ретте айналыстағы ноталардың көлемі біршама азайып, 3,4 трлн теңгені құрады.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап шетелдік МБҚ – Украина Қаржы министрлігінің, Түрік Республикасының және Оман Сұлтанатының облигациялары Биржаның ресми тізіміне енгізілді. Аталмыш облигациялармен жасалған мәмілелердің көлемі 686,9 млн. теңгені құрады, 81 мәміле жасалды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің үлесі – 41,6 %, брокер-дилерлер – 3,7 %, басқа институционалды инвесторлар – 33,3 %, басқа заңды тұлғалар – 21,2 %, жеке тұлғалардың үлесі 0,3 % құрады. Резидент еместердің қатысуы 0,1 % бағаланады.

13 сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



- ЕДБ
- Брокер-дилерлер
- Басқа заңды тұлғалар
- Өзге институционалды инвесторлар
- Жеке тұлғалар

Есептік жылдың аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдарының: Азия Даму Банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкінің, Еуропалық инвестициялық банктің, Халықаралық қаржы корпорациясының 30 облигациялар шығарылымы болды.

2019 жылы сауда-саттық көлемі 540,2 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылдың нәтижесінен 5,3 есе артық.

2 382,15
2 375,50 2 376,95


2 377
2 376,28

2 368,58
2 367,60

Бастапқы нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 534,0 млрд. теңгеге жетті. Бір жыл ішінде Азия Даму Банкі 45,9 млрд. теңге қаржы тартып, жеті жылдық және екі жылдық облигациялар орналастырды, орнатылған маржасын инфляция деңгейінен жылдық 1,3%, 1% және 1,5% үстем. Халықаралық қаржы корпорациясы екі жылдық халықаралық облигациялардың екі шығарылымын жылдық 8,95% және 9,5%-бен орналастырып, жазылым арқылы 32,4 млрд. теңге қаржы тартты. Еуразиялық даму банкі үш, бес жылдық және үш айлық дисконттық облигацияларын тиісінше жылдық 9,7%, 9,5% және 9,2032%-бен орналастыру арқылы 79,8 млрд. теңге қаржы тартты. Еуропалық қайта құру және даму банкі жылдық 1,0-1,5% маржамен бес, алты, жеті, сегіз жылдық халықаралық облигацияларды жазылу арқылы орналастырып, 376,0 млрд. теңге көлемінде қаржы тартты.


Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 6,1 млрд. теңгені құрады, Еуразиялық даму банкінің облигацияларымен және 3 IFC облигацияларымен барлығы 16 мәміле жасалды.

14 сурет. ХҚҰ облигациялары нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд KZ



Жалпы алғанда, нарықтың осы секторында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің шоттарының үлесі 3,1%, брокерлік-дилерлер – 0,2%, басқа институционалды инвесторлар – 85,6%, өзге заңды тұлғалар – 11,0% болды. Нарықтың осы сегментіндегі жеке тұлғалардың үлесі 0,1% төмен болды.

15 сурет. ХҚҰ облигацияларының сауда-саттықтарының жалпы брутто-айналымындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %




ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2019 жылдың соңында инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары секторында 8 компания басқаратын 11 құрал болды.

2019 жылдың ішінде KASE ресми тізіміне 3 акциялар шығарылымы және бір ETF кірді: "Фридом Финанс" АҚ басқаруындағы "GoodWill" ИҮИҚ үлеспұлдары, "First Heartland Jysan Invest" АҚ басқаратын "Өтімді" ИҮИҚ және "Пайыздық" ИҮИҚ үлеспұлдары және SPDR Series Trust (АҚШ) шығарған US78468R6633 SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF акциялары.

16 сурет. Қаржы құралдары бойынша инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары нарығындағы смәмілелердің көлемі, млн KZT




Есептік жылда сауда-саттықтың көлемі 909,9 млн.теңгені құрады, бұл 2018 жылдың нәтижесінен 21 есе артық.

Көлемі бойынша көшбасшылар "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаратын CSECfe үлеспұлдары болды, олармен 323,0 млн. теңге сомасына 56 мәміле жасалды, "Фридом Финанс" АҚ басқаруындағы ASYL_or үлеспұлдары екінші орында, көшбасшылар үштігін SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF акциялары бекітті.

Инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан жалпы көлемнің 40,7% жеке тұлғаларға, 8,1% брокер-дилерлерге, 3% басқа институционалды инвесторларға, 48,3% басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

17 сурет. Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары сауда-саттықтарының жалпы брутто-айналымындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,1% немесе 7,8 трлн теңгеге төмендеп, 101,7 трлн теңгеге жетті.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

2019 жылы репо операцияларының жалпы көлемі 72,7 трлн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көлемнен 3,1 трлн теңгеге немесе 4,2%-ға кем. Репо операцияларының 97%-дан астамы мемлекеттік бағалы қағаздар қоржынымен жасалған автоматты репо операциялары болды.

Репо операцияларының орташа күндік көлемі 295,6 млрд. теңгені құрады.

KASE сауда-саттық жүйесінде орталық контрагенттің (ОК) қызметтері іске қосылуына байланысты, ОК-пен автоматты репо операциялары және ОК-пен тікелей репо операциялары пайда болды. Желтоқсан айында аталған операциялардың көлемі тиісінше 12,1 млрд және 3,3 млрд теңгені құрады.


Ақша нарығының индикаторы TONIA алғашқы бес айда салыстырмалы түрде тұрақты болды, TONIA орташа мәні 8,19 % құрады, келесі айларда құбылмалылықтың амплитудасы жоғарылап, маусым-желтоқсан аралығындағы TONIA орташа мәні 8,6 % құрады. TONIA бір жылдағы орташа көрсеткіші жылдық 8,43 % құрады.

TWINA ақша индикаторы TONIA құбылмалылығының нысанын қайталады, бірақ тербелістердің амплитудасы аз болса, 2019 жылдың 12 айында оның орташа мәні жылдық 8,55 % құрады.


18 сурет. Репо операциялары нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі, трлн KZ



19 сурет. Қазақстандағы инфляция және пайыздық мөлшелемелер, жылдық %



20 сурет. Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі, трлн KZ



ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жалпы көлемі 2018 жылдағы 33,6 трлн теңгеден 2019 жылы 29 трлн теңгеге дейін немесе 13,9 % -ға азайды.

2019 жылы валюталық своп операцияларының орташа айлық көлемі 2 426,5 млрд. теңгені құрады.

АҚШ доллары/қазақстандық теңге валюталық жұбымен жасалған операциялардың үлесі валюталық своп операцияларының жалпы көлемінде 99,9 % құрайды.

2019 жылы алғаш рет еуро/теңге валюталық жұбымен валюталық своп операциялары жасалды, олардың жалпы көлемі 128 млн. теңгені құрады. Рубль/теңге валюталық жұбымен жасалған операциялар көлемі 2018 жылғы 219,5 млн. теңгеден 20,5 %-ға төмендеп, 179,5 млн. теңгені құрады.

2019 жылы АҚШ доллары бойынша валюталық своп операциясының мөлшерлемесі жыл барысында максималды мәні USDKZT_1D бойынша жылдық 11 % және USDKZT_2D жылдық 10,19 % деңгейіне жетті.

2019 жылы Биржада бір жылға дейінгі валюталық своп операцияларын жасасу үшін арналған қаржы құралдары енгізілді, бұл нарықтың дамуындағы айтарлықтай прогресс болды. Жаңа құралдар валюталық тәуекелді хеджерлеу және валюталық жайғасымды басқару үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 11,1 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 17,1 % немесе 2,3 трлн теңгеге төмен. Жыл басынан бері биржаның 33 мүшесі валюталық нарықтағы сауда-саттыққа қатысты. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 45,3 млрд. теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 324, бір мәміленің орташа көлемі 139,9 млн. теңге болды.

2019 жылы бағамның құбылмалылығы тоқтатылды. Биржалық нарықта сәуірден бастап теңгенің АҚШ долларына сұранысы мен ұсынысының бағамының спрэді 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы 0-1,0 теңгемен салыстырғанда 0-0,4 теңге аралығында шоғырланды. ҚРҰБ ресми сайтының мәліметтері бойынша, реттеуші 2019 жылы ішкі валюта нарығында интервенцияларды жүзеге асырған жоқ.

21 сурет. Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі




■ USD ■ CNY
■ RUB ■ EUR

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

АКТИВТЕР

22 сурет. Активтердің 5 жылдағы динамикасы, млрд теңге



2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Биржаның активтері² өткен жылмен салыстырғанда 37,7 % (19 457,3 млн. теңге) артып, 71 041,1 млн. теңгені құрады.

Активтердің едәуір өсуі 2018 жылдан бастап Биржаның орталық контрагент ретінде қызмет етуіне және 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қор нарығындағы бірқатар бағалы қағаздар бойынша қызметінің кеңеюіне байланысты болды. Жылдың қорытындылары бойынша Биржаның орталық контрагент ретіндегі активтері 961,9 млн. теңгені, қор нарығында (кері репо операциялары бойынша) 25 321,7 млн. теңгені құрады.

Ақша және оның баламалары 20261,9 млн. теңгені құрады, амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылық активтер 18 770,5 млн. теңгені құрады және негізінен клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары мен маржалық қамтуларының есебінен құрылды.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ

Биржаның міндеттемелерінің жалпы сомасы 16 969,1 млн. теңгеге артып, 59 641,0 млн. теңгені құрады, оның 55,1 % (32 857,0 млн. теңге) клирингтік қатысушылардың қаражаты (кепілдік жарналар мен маржалық қамту), 42,5 % (25 321,7 млн. теңге) Орталық контрагенттің қор нарығындағы репо операциялары бойынша міндеттемелерін құрайды және 1,6 % (961,9 млн. теңге) Орталық контрагенттің валюта нарығындағы міндеттемелері болып табылады.

Биржаның меншікті капиталы есептік жылда бөлінбеген пайдада көрсетілген таза кіріс есебінен 27,9 % -ға (2 488,2 млн. теңгеге) 11 400,1 млн. теңгеге дейін өсті. Пассивтер құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі 16,0 % құрады.

Биржаның жарғылық капиталының мөлшері 12,5 % -ға (295,5 млн.теңге) өсті және 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру аясында KASE акцияларын Мәскеу биржасына сату жөніндегі мәміле нәтижесінде 2661,8 млн. теңгені құрады.

Клирингтік сақтық қорлар 2018 жылғы деңгейде қалып, 1 750 млн. теңгені құрады.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері қайта бағалау сомасының амортизациясы есебінен 0,4 млн. теңгеге төмендеп, 179,5 млн. теңгені құрады.


2 382,15
2 375,50 2 376,95

2 377
2 376,28

2 368,58

² 2019 жылға KASE тобының аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне сәйкес

23 сурет. Рентабельділіктің негізгі көрсеткіштері



КІРІСТЕР

2019 жылдың қорытындылары бойынша Биржаның кірісі 4 284,5 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1203,6 млн.теңгеге немесе 39,1 % жоғары. Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер 2474,9 млн. теңгені құрап, 114,1 млн. теңгеге немесе 4,8 % өсті. Пайыздық кірістер 1 035,3 млн. теңгеге немесе 154,1 % -ға өсіп, 1 706,9 млн. теңгені құрады, соның ішінде клирингтік қатысушылардың Биржаның кепілдік немесе сақтық қорларына аударылған ақшаларын, маржалық жарналары мен ақшаларын инвестициялаудан түскен кірістер 958,7 млн. теңгені құрады. Пайыздық кірістің өсуі инвестицияланған қаражаттың ұлғаюына байланысты болды.

Биржаның пайыздық кірісі Биржаның орталық контрагент функцияларын жүзеге асыру аясында 31,3 млн. теңге сомасына кері репо операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістерді көрсетеді.

Биржаның қызметтері бойынша кірісінің құрылымындағы ең үлкен үлес комиссиялық алымдарға (41,0 %), листингтік алымдарға (29,4 %) және мүшелік жарналарға (10,5 %) келеді. Мүшелік жарналардан түсетін кірістер 2018 жылмен салыстырғанда 81,4 млн. теңгеге немесе 23,9 % -ға төмендеп, 259,1 млн. теңгені құрады, бұл 2018-2019 жж. Банктердің бірігуіне және нәтижесінде

"валюта" және "қор" санаттары бойынша Биржа мүшелерінің санының азаюына байланысты болды.


Биржаның листингтік алымдары 2019 жылы 8,9 млн. теңгеге немесе 1,2 %-ға өсіп, 727,1 млн. теңге деңгейіне жетті. Бұл өсім бағалы қағаздар шығарылымы көлемінің ұлғаюы және Биржаның капиталдандыруының артуымен байланысты.

Биржаның комиссиялық алымдары 20,1 млн. теңгеге немесе 2,0 % артып, 1 013,8 млн. теңгені құрады. Көрсетілген өсу мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялардың қарқындауымен және ХҚҰ-ның қарыз нарығына шығумен байланысты.

Биржаның клирингтік алымдары 166,2 млн. теңгеге немесе 3,2 еседен астамға өсіп, 239,6 млн.теңгені құрады, бұл биржаның орталық контрагент функциясын атқаруы және 2018 жылдың соңында валюта нарығында клирингтік алымдардың пайда болуымен байланысты.

Ақпараттық қызметтерді көрсетуден түскен кіріс 2019 жылы 0,9 млн. теңгеге немесе 0,5 % -ға төмендеді және 202,9 млн. теңгені құрады. Бұл төмендеу биржалық ақпарат алушылар санының азаюымен байланысты.

24 сурет. Негізгі қызметтер бойынша кірістің құрылымы



2018 жылы қызметтер мен комиссиялардан түскен кіріс: 2,4 млрд теңге

- Листингілік алымдар
- Мүшелік жарналар
- Комиссиялық алымдар
- Ақпараттық қызметтерден түскен кіріс
- Қашықтан кіру қызметін көрсеткеннен түскен кіріс
- Клирингілік алымдар

2019 жылы қызметтер мен комиссиялардан түскен кіріс: 2,5 млрд теңге

ШЫҒЫНДАР

Жыл қорытындылары бойынша биржаның шығындары 1 870,0 млн. теңгені құрады және алдыңғы жылмен салыстырғанда 68,6 млн. теңгеге немесе 3,5 % -ға азайды. Бұл төмендеу негізінен қызметкерлер шығындарының, маркетингілік шығыстардың және тиісті салықтардың төмендеуіне байланысты.

Биржаның 31,3 млн. теңге сомасындағы шығыстары Биржаның орталық контрагент функциялары аясында репо операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды көрсетеді.


Биржаның шығындар құрылымындағы ең үлкен үлесті кадрлық шығындар (63,2 %) және тозу мен амортизация (6,7 %) алады.

БИРЖАНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылдың қорытындысы бойынша биржаның таза пайдасы 2 192,7 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 127,1 % жоғары. EBITDA 99,2 % -ға артып, 2,539,0 млн. теңгені құрады. Биржаның операциялық кірісі 39,1 % өсті, бұл ретте операциялық шығыстар 3,5 % төмендеді, операциялық маржа³ алдыңғы жылдағы 37,1 % -бен салыстырғанда 2019 жылы 56,4 % дейін өсті. Таза пайданың маржасы⁴ бір жыл бұрынғы көрсеткіші – 31,3 % -бен салыстырғанда 2019 жылы 51,2 % -ға өсті. Капиталдың рентабельділігі (ROE)

2019 жылы 11,4 % -дан 21,6 % -ға дейін өсті. Активтердің рентабельділігі (ROA) таза пайданың едәуір өсуі нәтижесінде 3,1 % -дан 3,6 % -ға дейін өсті.

25. Операциялық қызметтің негізгі көрсеткіштері



- Операциялық кірістер (сол жақтағы өс)
- Операциялық шығыстар (сол жақтағы өс)
- Таза пайда (сол жақтағы өс)
- Операциялық маржа (оң жақтағы өс)
- Таза пайданың маржасы (оң жақтағы өс)

³ Кірістің салық салғанға дейін операциялық кірістерге қатынасы

⁴ Таза пайданың операциялық кірістерге қатынасы

КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП

Корпоративтік басқару

Ішкі аудит

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Корпоративтік жауапкершілік және қызметкерлер



2 332,86

2 330,29

2 319,93

2 327,47

2 318,89

2 307,64

2 304,45

2 288,00

2 284,95

2 280,33

2 256,38

КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның жарияланған акцияларының жалпы саны 5 миллионды құрады, оның ішінде 974,373 акция орналастырылған, 13 329 акцияны Биржа кері сатып алды, 58 тұлға Биржаның акционерлері болды, оның ішінде банктер, брокерлік ұйымдар, бөлшек инвесторлар – жеке тұлғалар. Ұлттық Банк Биржаның орналастырылған акцияларының жалпы санынан 49,108 % үлесіне иелік етті.

Есептік жылда KASE акционерлерінің құрамындағы басты өзгеріс – олардың құрамына "Мәскеу биржасы" КАҚ қосылуы және басқа акционерлердің Биржа капиталындағы үлестерінің пропорционалды төмендеуі болды.


2018 жылдың қазан айында KASE мен MOEX жасаған Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімнің орындалуы аясында, бұрын орналастырылмаған 32,360 акцияны MOEX сатып алды. Нәтижесінде, акционерлер төлеген KASE акцияларының жалпы саны 974,373 акцияға жетті, ал KASE капиталындағы MOEX қатысу үлесі 3,32 % құрады. Бұл мәміле 2019 жылдың қаңтарында жүзеге асырылды.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғарғы басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Биржаның жарғысымен анықталады.

